


Автонесиелеу нарығына шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

2026 жылдың 1 жартыжылдығының нәтижелері




Негізгі үрдістер:

- Бірнеше жыл бойы қарқынды кеңейген автонесиелеу нарығы түзету кезеңіне өтті. Бірінші жартыжылдықта өтімдер саны жылдық есепте 9%-ға төмендеді, ал бір жыл бұрын бұл көрсеткіш 50%-дан астам өсім көрсеткен еді.
- Бұл динамика нарықтың қанығу әсерін, қатаң ақша-несие жағдайларын, несие саясатының салмақтырақ болуын, сондай-ақ дилерлік науқандар мен маркетингтік бағдарламалардың қысқаруын көрсетеді.
- Автонесиелер бойынша мақұлдау үлесі біршама төмендеді — 17,6%-дан 16,8%-ға дейін, ал бөлшек саудада жалпы көрсеткіш айтарлықтай қысқарды — 28,8%-дан 25,3%-ға дейін. Бұл халықтың нақты табысының әлсіз серпіні (+0,1%) мен макропруденциалдық реттеудің қатаңдауы аясында қарыздарды мақұлдауға деген неғұрлым консервативті көзқарасты айғақтайды.
- Осы аяда көлік сатып алуға мақұлдалған өтімдер саны бір жыл бұрынғы 68%-дық өсімнен кейін 13%-ға қысқарып, 449,7 мыңды құрады.
- Ең маңызды өзгеріс пайыздық шарттарға қатысты болды. Мәселен, автонесиелер бойынша орташа өлшенген мөлшерлеме бір жыл ішінде 18,8%-дан 24,4%-ға дейін өсті. Мұндай динамика қаржыландыру көздерінің қымбаттауынан басқа белсенді дилерлік бағдарламалар кезеңінен кейін ұсыныс пен сұраныс құрылымының өзгеруін аңғартуы мүмкін. Ең төлем қабілетті клиенттердің бір бөлігі автокөлікке деген қажеттілігін бұрын субсидияланатын дилерлік бағдарламалар арқылы қанағаттандырып үлгерген болуы ықтимал, ал ағымдағы сұраныс стандартты несие беру шарттары қолжетімді қарыз алушылар тарапына қарай көбірек ығысуда.
- Сұраныстың төмендеуі, конверсияның біршама нашарлауы және мөлшерлемелердің өсуі аясында автонесие беру көлемі 24,0%-ға қысқарып, 7886,6 млрд құрды. Бұл құлдырау жалпы бөлшек несие беру көрсеткіштерімен (-3,6%) салыстырғанда әлдеқайда тереңірек болды.


- Осылайша, автонесиелеу бұрынғы жылдары бөлшек сауданың негізгі қозғаушы күштерінің бірі болса, қазіргі уақытта оның баяулауына әсер етіп отырған факторлардың біріне айналды.
- Баға шарттарының қайта қаралуы аясында есептік төлемнің орташа жалақыға қатынасы 24,7%-дан 30,6%-ға дейін өсті, бірақ бұл көрсеткіш 50%-дық шекті мәннен айтарлықтай төмен деңгейде қалып отыр.
- Жаңа несие беру көлемінің қысқаруы салдарынан автонесиелеу портфелі бір жыл бұрынғы 23,2%-дық өсімге қарсы небәрі 5,2%-ға өсті. Сонымен қатар, портфель халықтың жиынтық берешегіндегі 16,3% үлесін сақтай отырып, бөлшек сауда үшін маңызды болып отыр.
- Берешек құрылымы негізінен Т5–20 млн диапазонында шоғырлануын жалғастыруда, бұл автонесиелердің 90%-дан астамын қамтып, автомобильдердің ең жаппай баға сегментіне сәйкес келеді.
- Портфель сапасы тұрақты күйінде қалып отыр, автонесиелер бойынша мерзімі өткен берешек үлесі 2,7%-дан 3,0%-ға дейін өсті. Сонымен қатар, бұл көрсеткіш бөлшек нарықтағы орташа деңгейден (4,4%) айтарлықтай төмен деңгейде сақталып отыр, бұған өнімнің көпідік сипаты мен қарыз алушыларды салыстырмалы түрде қатаң іріктеу ықпал етеді.
- Жарты жыл қорытындысы бойынша елдегі автомобиль өндірісі көлемі бір жыл бұрынғы 69,8 мың бірлікке қарсы 138,7 мың бірлікке дейін, яғни екі есеге жуық өсіп, жергілікті автокөлік ұсынысының кеңейгенін айғақтайды.
- III тоқсанда банктер автодилерлердің серіктестік бағдарламалары мен мөлшерлемелерді субсидиялауды қайта бастауы аясында сұраныстың жақсаруын күтуде. Ақша-несие жағдайларының жұмсартуына қарай ресурстар құнының төмендеуі қосымша қолдау көрсетуі мүмкін.

Автонесилер беру және портфелі*

Халыққа автонесиелер беру




Нарықтың ірі қатысушылары портфелінің өсу динамикасы




** 1Ж2026 ж. арналған деректер жоқ, осыған байланысты 2025 ж. деректері қолданылды

Пайыздық мөлшерлемелер және ай сайынғы төлемдер*

Автонесиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер



Несие мен пайыздық төлемдердің орташа сомасы




Деректер көзі: ҚРҰБ, KASE, КБК


© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Автонесие алуға өтінімдер және олар бойынша мақұлдау*

Автонесиеге өтінімдер




Несиелерге өтінімдер бойынша мақұлдау үлесі




Несиелік бөлу және мерзімі өткен берешек

Қарыз алушыларды қарыз сомасы бойынша бөлу




Мерзімі өткен берешек




Нарықтағы белсенділік және автомобиль өндірісі*

Тіркелген автомобильдер мен автокредитование беру динамикасы



Елдегі автомобиль өндірісі



Деректер көзі: ҚРҰБ, БКБ, ҰСБ ҚР СЖРА

** 2025 ж. 3т. тіркелген автокөлік саны қыркүйек айының деректерінсіз есептелді.

Кейінгі деректер ҚР ІІМ есептеу әдіснамасының жаңартылуына байланысты әлі берілген жоқ

© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Резюме

Бірнеше жыл бойы озыңқы қарқынмен өскеннен кейін автонесиелеу нарығы дамудың біршама сабырлы фазасына көшті, бұл сұраныстың, жаңа несие беру көлемінің және сегменттің жалпы бөлшек несиелеу динамикасына қосатын үлесінің төмендеуінен көрініс табады. Жаңа бөлшек қарыздарды беру құрылымындағы автонесиелердің үлесі 2025 жылдың қорытындысы бойынша 13,2%-дан 9,9%-ға дейін қысқарды.

Бұл ретте салқындау клиенттік базаның қысқаруымен емес, көбінесе қарыз алушылардың белсенділігінің төмендеуімен және баға шарттарының нашарлауымен байланысты. Бірінші жартыжылдықта бірегей қарыз алушылардың саны бір жыл бұрынғы 80 мыңға қарсы 66 мыңға өсті, яғни жаңа клиенттерді тарту әлеуеті сақталуда, бірақ ол біршама баяу жүзеге асуда. Осы жағдайда сегменттің одан арғы өсімі несие құны мен сұраныстың төлем қабілеттілігіне көбірек тәуелді болуы мүмкін.

Сонымен қатар, орташа несие сомасының төмендеуі төлем жүктемесінің өсуін өтемейді, бұл автонесиелеудің пайыздық шарттарға жоғары сезімталдығын көрсетеді.

Жинақталған портфельдің жоғары көлемі әзірге жаңа несие берудің қысқару әсерін тегістеп тұр, сондықтан ағымдағы салқындау оның динамикасында белгілі бір лагпен көрініс табады. Портфель сапасы біршама нашарлады: мерзімі өткен берешек үлесі 2,7%-дан 3,0%-ға дейін өсті, алайда бөлшек нарықтағы орташа деңгейден (4,4%) айтарлықтай төмен күйінде қалып отыр.

Екінші жартыжылдықта нарықтың ішінара қалпына келу әлеуеті бар, өйткені клиенттік база өсуін жалғастыруда, ал ішкі өндірістің кеңеюі жаңа автомобильдер сегментінде қосымша ұсыныс қалыптастыруда. Серіктестік бағдарламаларын қайта бастау, сондай-ақ қарыз ресурстары құнының ықтимал төмендеуі нарыққа қолдау көрсете алады.